



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
М.АКМУЛЛА АТЫНДАҒЫ БАШҚҰРТ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ (БГПУ, РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ)
РЕСЕЙ ХАЛЫҚТАР ДОСТАСТЫҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ (РУДН, РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ПРАКТИКА»**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті **2026 жылғы 26 ақпанда** серіктес жоғары оқу орындары – М. Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті (БГПУ, Ресей Федерациясы) және Ресей халықтар достастығы университетімен (РУДН, Ресей Федерациясы) бірлестікте өтетін **«Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика»** атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға шақырады.

Конференцияның мақсаты

Педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамыту.

Конференция форматы — офлайн/онлайн

Конференция жұмысының негізгі бағыттары

1. Педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері;
2. Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар;
3. Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері;
4. Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

Баяндама материалдары автор жүргізген жұмыстың сипаты, мазмұны мен нәтижелері туралы нақты түсінік беруі керек. Бір адам екі реттен артық автор немесе тең автор бола алмайды. Мақала авторлары мақалалардың мазмұнына, келтірілген фактілердің, дәйексөздердің, статистикалық және өзге де мәліметтердің дұрыстығына жауап береді.

Мәтін Word 97-2003 мәтіндік редакторында Times New Roman шрифтімен, №12-кегель және 1.0 жол аралығымен теріліп, парақтың енімен туралануы керек. Формулалар Microsoft Equation 3.0 редакторында терілуі тиіс. Кестелер, схемалар, суреттер атауы мен нөмірленуі керек. Бет параметрлері: барлық шеттеулер 20 мм., Материалдар көлемі 5 бет.

Дереккөздерге сілтемелер баяндаманың соңында қолдану ретімен нөмірленіп көрсетіледі. Мәтін стилистикалық және техникалық түрде өңделуі керек.

ӘОЖ

БАЛАЛАР АРАСЫНДА БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

(1 жол шегініс)

Балтабаева Жаният Байжуманқызы

zhaniyat93@gmail.com

PhD, педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

(1 жол шегініс)

Аннотация.

Annotation.

Түйін сөздер:

Keywords:

(1 жол шегініс)

Мақала мәтіні

(1 жол шегініс)

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Тарасов С. В. Образовательный центр: концепция, строительство, типология// Вестник ЛГУ им. А.С. Пушкина, 2011. -№8. - С. 12–17.

Қатысу шарты:

Конференцияға қатысуға ғалымдар, практиктер, мұғалімдер, студенттер, магистранттар, докторанттар шақырылады.

Конференцияға қатысушылар **2026 жылғы 17 ақпанына дейін** мақала мәтінін электрондық мекенжайға жіберуі тиіс: makhadiyeva_ak@enu.kz Сламбекова Толқын Сламкуловна +7 775 756 92 69, Махадиева Асель Каратаевна +7 701 079 98 89

- Қойылатын талаптарға сәйкес ресімделген баяндама мәтіні.

- Конференцияға қатысу туралы өтінім.

Конференцияға қатысу **ақылы**.

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру жарнасы: оффлайн форматта – 4500 теңге, онлайн форматта – 2500 теңге. Төлемді Kaspi Bank қосымшасы арқылы «Төлемдер / ЕҰУ / Төлем түрі / Конференциялар» бөлімін тандап, УДК / бірінші автордың ЖСН-і және бірінші автордың аты-жөнін көрсету арқылы жүзеге асыру қажет. «Пікірлер» бөлімінде конференцияның атауын — «Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика» — деп енгізу керек.

Конференция қорытындысы бойынша ISBN нөмірі бар электрондық жинақ шығару жоспарлануда. Конференция материалдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ресми сайтында орналастырылады: www.enu.kz

Конференцияға қатысуға өтінім

1. Тегі, аты-жөні _____
2. Мәртебесі (студент, магистрант, докторант (мамандық шифры), ғалым, оқытушы) _____
3. Баяндама атауы _____
4. Секция _____
5. Секция тармақшасы _____
6. ЖОО, ұйымы _____
7. Мекен-жайы, телефон, e-mail _____
8. Қатысу формасы: ☐ оффлайн, ☐ онлайн
Пленарлық отырыста ауызша баяндама жасау
Секциялық отырыста ауызша баяндама жасау
Тек қана басылым

Ұйымдастыру комитетіне көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен өтінімдер қарастырылмайды, баяндамалар жарияланбайды.

Конференцияға баяндамаларды іріктеу құқығы ұйымдастыру комитетінің билігінде.

Жол ақысы, тұру, тамақтану конференцияға қатысушының өз есебінен болады.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: 010008, Астана қ., Янушкевич к-сі, 6. Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, №4 оқу ғимараты. Тел.: 8 (7172) 709-500 (ішкі. 35201), моб. +7 701 125 79 71 Асылбекова Марзия Пазиловна, Махадиева Асель Каратаевна +7 701 079 98 89

Құрметпен, ұйымдастыру комитеті